



## МИНИСТРДІҢ КЕҢЕСШІСІ СЫР ЕЛІНЕ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңесшісі Ермек Маржықпаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келіп, аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстардың барысын көрді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдымен «Қорқыт ата әуежайының» жаңа терминалымен таныстырды.

Терминалға «Болат Отемұратов қоры» әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 16 млрд 600 млн теңге инвестиция салды. Әуежайдың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымына, автожол салуға, аумағын абаттандыруға, жарықтандыруға жергілікті бюджеттен 4 млрд. 300 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Халықаралық талаптарға сай келетін жаңа нысанда ішкі және халықаралық рейстерге, транзиттік жолаушыларға ар-

налған, СІР залдары, жүкті автоматты түрде беру жүйесі, «Duty Free» аймағы, сауда нүктелері, медпункт, кафе, гибдаг ету, жүк сақтау, ана мен бала бөлмелері бар. Екі қабатты ғимаратта сағатына 250 жолаушыға 10 төлқұжат бақылау кабинеті арқылы қызмет көрсетіледі. Айта кетейік, «Қорқыт Ата әуежайы» соңғы 9 айда жолаушылар мен жүк тасымалында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Қантар-қыркүйек айларында әуежайда 264 506 жолаушыға

қызмет көрсетіліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға артқан. Сонымен қатар, осы уақыт аралығында рейстер саны 1420-ға жеткен. Бұл «Қорқыт Ата әуежайы» көрсеткіштерінің тұрақты өсімін және әуе тасымалының жоғары белсенділігін растайды.

Ермек Маржықпаев аса маңызды инфрақұрылымдық жоба – жаңа терминалдың елігілігіне қызмет етуіне тілектестік білдірді. Жұмыс сапары аясында Премьер-министрінің кеңесшісі Қызылорда қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысады деп жоспарлануда.

**Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі**

## АКТИВ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге, кадрлық өзгерістерге орай актив отырысы өтті. Жиында аймақ басшысы Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының жаңа басшысы Артаев Бақтияр Ғарифоллаұлын таныстырды.

«Бүгінгі мәжілісімізді бастамас бұрын кадрлық өзгерістерге тоқталуға рұқсат етіңіздер. Мемлекет басшысы отандық спорт саласын кешенді реформалау арқылы бұқаралық, балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуды тапсырды. Ол үшін бізге өз ісін жетік білетін кәсіби мамандар, мықты басшылар, үздік менеджерлер керек. Осы орайда, Туризм және спорт министрлігінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімімен Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы лауазымына Артаев Бақтияр Ғарифоллаұлы тағайындалды.

Бақтияр Ғарифоллаұлы – барлығыңызға жақсы таныс, өз ісін білікті маманы, мықты менеджер. Спорт саласының жандануына орасан зор үлес қосқан азамат. 2004 жылы Афинада өткен Олимпиада ойындарында ел қолымына алтын салған чемпионымыз, Вэл Баркер Кубогының иегері,

халықаралық спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, бокстан Қазақстан Республикасының 7 дүркін чемпионы.

Бақтияр Ғарифоллаұлының осы кезге дейін алған білімі мен жинақтаған мол тәжірибесін ескеріп, Сыр өңіріндегі спорт және туризм саласын бұрынғыдан да қарқынды дамытады деп сенім білдіреміз», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Бақтияр Ғарифоллаұлы Артаев 1983 жылы Тараз қаласында дүниеге келген. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Құқықтану», «Менеджмент», Қазақ спорт және туризм академиясын «Дене шынықтыру және спорт», ҚазТұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша бітірген. «Құқықтану», «Дене шынықтыру және спорт» магистрі.

Еңбек жолын 2004 жылы «Тараз газ шаруашылығы

басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің менеджері болып бастаған. 2009-2013 жылдары Жамбыл облысы Айшабиді ауылдық округінің әкімі, Жамбыл облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы, Жамбыл облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары.

2013-2021 жылдары «Астана» Президенттік кәсіпқой спорт клубы» корпоративтік қорының президенті, «Тарлан батырлары» ЖШС директоры, «Астана Арланс» ЖШС бас менеджері. 2021-2022 жылдары «Қазақстан бокс федерациясы» қауымдастығының ұлттық командалар үйлестірушісі, вице-президенті, Спорт және дене шынықтыру істері комитеті спортты дамыту дирекциясының бокстан мемлекеттік жаттықтырушысы қызметтерін атқарған.

Елімізде спорт саласының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін I дәрежелі «Барыс» орденімен наградталған. Бақтияр Ғарифоллаұлы бұған дейінде Жамбыл облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасын басқарып, спорт саласының дамуына сүбелі үлес қосқан.

Облыс әкімі жаңа басшыға өңірдегі бұқаралық спортпен айналысушылар үлесін арттыруды, командаларды даярлауды және олардың республикалық, халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етуді тапсырды. Білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарында сабақтан тыс, кешкі уақытта спорт секциялары жұмысын үйлестіруді және спорттық іс-шаралар өткізуді, «Damu bal» бағдарламасы аясында жан басына шаққанда қаржыландыру мәселесін жүйелендіруді, басқа да міндеттерді айқындап берді.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2800 теңге;**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН  
ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН  
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, ер бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.**

## ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен құрылыс саласын, трансшекаралық хабтарды дамыту мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте көтерілген мәселелерге орай жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктелді.

– Биылғы 10 айда құрылыс жұмыстарының көлемі 193 млрд. 900 млн. теңге болып, өңіріміз республикада бірінші орынға тұрақтады. Құрылысқа мемлекеттік бюджеттен 128 млрд. 500 млн. теңге бөлініп, 197 нысан салынууда. Ендігі міндет – басталған жұмыстарды аяқтап, нысандарды пайдалануға беру. Бекітілген эскиздік жобадан ауытқымауды, ішкі әрлеудің асымын қатаң бақылауға алыңыздар. Тұрғын үйлердің де сапасына және инженерлік



инфрақұрылыммен қамтылуына баса мән берілісін», – деді Н.Нәлібаев.

Биыл «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында қаржыландырудың барлық көзінен 701,6 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған болатын. Экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес 863,9 мың шаршы метр тұрғын үй салу межеленіп, жоспар артығымен орындалуда. Жыл басынан бері 772,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес

кезеңімен салыстырғанда 109,9% құрады.

Бүгінде 1 мектеп қолданысқа беріліп, қалған 3-і жыл соңына дейін пайдалануға қабылдана, 6 мектепті алдағы жылы іске қосу жоспарлануда. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 15 нысанның құрылысын жүргізуге бюджеттен 5,2 млрд теңге қаржы бөлінді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 1 дәрігерлік амбулатория, 8 спорт кешені, 4 ауылдық клуб, 8 инженерлік желі салуға 1,5 млрд теңге берілген. Ал тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39,1 млрд. теңге

қаралып, жыл қорытындысымен 2 500-ге жуық пәтер табысталамақ.

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауында жеті қабатты 6 кредиттік үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың баспана мәселесін шешу үшін жеке құрылыс салушылардан 1954 дайын пәтер сатып алу жоспарланған. Бүгінде 1060 пәтер сатып алынды, оның 317-сі Қызылорда қаласында, қалған 538-і аудандарда.

Алдағы жылы бес қабатты 10 тұрғын үй пайдалануға беріліп, жеті қабатты 10 тұрғын үй құрылысы басталамақ. Сонымен бірге, республикалық бюджет қаржысы есебінен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 275 жаңа пәтер сатып алу қарастырылған.

Мәжіліс қорытындысында аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, алдағы мерекелер қарсаңында баға тұрақтылығын, коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмысын, қауіпсіздік шараларын рейдттік тексеруді тапсырды.

## БАСПАНА АУДАН ХАЛҚЫНА ЖЫЛУЛЫҚ СЫЙЛАДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қармақшы ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылар үшін салынған 106 пәтерлік 53 жаңа тұрғын үйдің кілтін мелеріне табыстады.

Рәсімге жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері мен аудан тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жаңа пәтерге қоныстанушыларды құттықтап, өңірдің құрылыс саласының жетістіктеріне тоқталды.

«Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен өңірімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды, баспанамен қамту мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табууда. Биыл бюджеттен

тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39 млрд 100 млн теңге қаралып, жыл қорытындысымен 2500-ден астам пәтер берілді. Ұлттық жоба аясында 1154 пәтерлік 21 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Әлеуметтік жағынан осал топтар үшін 1819 пәтер, апатты үйлер орнына 135 пәтер сатып алу жоспарланса, бүгінде 1114-і сатып

алынды. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты.

Аймақта тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 683 мың шаршы метр болса, биыл жыл соңына дейін 864 мың шаршы метр тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында Қармақшы ауданында нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Өткен жылы аудан бюджеті 13 млрд 353 млн теңге болса, биыл 17 млрд 825 млн теңгеге жетіп,

25 пайызға өсім қалыптасты. Бұл қаржы аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге бағытталуда. Биыл 2 млрд 100 млн теңгеден астам қаржыға автомобиль жолдары жөндеуден өтті.

Жосалы кентіндегі теміржол үстінен өтетін аспалы көпірдің сатып алу жүргізілуде. Тұрғындарды газбен қамтуға ерекше мән беріп келеміз. Жосалы, Төретам кенттері мен Ақай ауылдық округі «көгілдір отынға» қосылды,

аудан халқының 77,5 пайызы табиғи газ қолдануда. Аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» ықшам ауданы газдандырылып, Дүр Онғар ауылдық округінде жұмыс басталды. Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда өткен жылы Көмекбаев, Алдашбай ахун, Қармақшы елді мекендерінде 3 жоба жүзеге асса, биыл Байқоныр қаласында 1 жоба қолға алынды. Жаңа қоныс құтты болсын! Баспаналарыңыз бақыт пен шаттыққа толып, балалардың қуанышы еселене берсін!» – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада құрылыс мекемесінің мамандарына облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, мемлекет және қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов батасын берді. Рәсімнен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыт-бағдары, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысы туралы айтып, жиналған жұртшылықтың ұсыныс-пікірлеріне ден қойды.

**Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі**



## ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ XVIII СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Облыстық мәслихаттың XVIII сессиясы өтіп, күн тәртібінде облыстық бюджетті нақтылау бағытындағы 15 мәселе қаралды. Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, алдағы жоспарларға, өткен аптадағы жұмыс сапарының қорытындыларына тоқталды.



«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр өңірін ерекше қолдауының арқасында бүгінде облысымыздың даму қарқыны жоғары. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіш бойынша республикада бірінші орындамыз. Өткен 11 айдың қорытындысымен өнеркәсіп өндірісі 0,8, өңдеу өнеркәсібі 20,6, ауыл шаруашылығы 3, тұрғын үй 15,3, көлік 3,3, сауда 6,5, құрылыс жұмыстарының көлемі 57,5 пайызға артты. Негізгі капиталға 559 млрд. теңге инвестиция тартылып, өсім 20,6 пайызды құрады. Айта кету қажет, біз аймаққа шетел инвестицияларын, озық технологияларды тарту жұмыстарын белсенді жүргізудеміз. Таяуда ғана өңірдің бизнес өкілдермен бірге Италия, Испания, Түркия елдеріне барып келдік. Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның шетелдегі елшіліктерінің қолдауымен аталған мемлекеттерде өзара тәжірибе алмасулар, маңызды кездесулер өткіздік. Өнеркәсіп қауымдастығының жұмысымен, биохимиялық ерітінділер, медициналық реагенттер, санфаянс пен санитарлық-техникалық бұйымдар, гидроқшауланған бетон, ауыл, орман шаруашылығына қажет озық датчиктерді шығаратын тері, жүн өңдейтін өндіріс орындарымен танысып, келіссөздер жүргіздік. Инвестиция тарту жұмыстарын одан әрі жалғастырамыз.» – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, биыл 189 449 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, егін мерзімінде толық жиналды. Негізгі дақыл күршіс 85 600 гектарға егіліп, әр гектардан 58 центнерден өнім алынды. Жарты миллион тонна күршіс қамбаға құйылды. Халықтың әл-ауқатын көтеру, өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанмен қамту, сапалы инфрақұрылым жүргізу

бағытында нақты жұмыстар атқарылууда. Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда 2022 жылдан бері 16 млрд 800 млн теңгенің 55 жобасы жүзеге асырылды. Нәтижесінде халықты орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі 98,6 пайызға жетті. Биыл 13 жаңа жобаға 5 млрд. 300 млн. теңге бөлінді. Алдағы жылы облыс аумағындағы барлық елді мекен орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында 11 млрд. теңгеге 38 жоба жүзеге асырылууда. Бұл жобалар толық жүзеге асқанда электр желілерінің тозу деңгейі 62 пайызға төмендейді.

Президенттің тікелей қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаватт жаңа жылу-электр орталығы салынууда. Бүгінде инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 127 млрд. теңгеден астам инвестиция салды. Жаңа жылу-электр станциясы – тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған ең ауқымды, теңдесіз жобалардың бірі. Аймақ үшін айрықша маңызға ие нысан келер жылы ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен онтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда облысында құны 800 млрд. теңгеге құрайтын, қуаттылығы 1100 МВт-тық бу-газ қондырғыларының құрылысы жоспарлануда. «Самұрық Энерго» компаниясы Катар инвесторымен келіссөз жүргізіп, техника-экономикалық негіздеме әзірленуде. Жаңа бу-газ қондырғылары Қызылорда қаласынан Ұлытау облысына шығарылуы аумаққа салынады. Бұл жұмыстарға әкімдік 280 гектар жер телімін бөлді. Станцияны 2029 жылы толығымен іске қосу жоспарланған.



## РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданында алғашқы «Руханият орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Мерекелік іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бакберген Досмамбетов, Бекмырза Еламанов, Биғали Қаюпов, «Қоғам» телераионының құрылтайшысы, ақын Шәкізат Әбдікәрімов, «Сыр елі әйелдер кеңесі» қоғамдық ұйымының төрайымы, білім саласының ардагері Райкүл Байназарова, жауапты сала басшылары мен аудан тұрғындары қатысты. Аймақ басшысы жұртшылықты жана нысанның ашылуымен құттықтап, әлеуметтік-экономикалық бағыттағы жетістіктерге тоқталды.

«Ең алдымен, баршаныңды мыңжылдықтардың мұраты, Алаштың асқақ арманы болған Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Кемелұлы «Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы арқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, руханиятымызға баса мән беруіміз қажет» деген болатын. Биыл өңірімізде «Руханият жылы» жарияланып, айшықты жыл аясында мәдени-көпшілік шаралармен қатар, ауқымды жобалар жүзеге асырылууда. «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» салынып, жаңадан симфония оркестрі, инклюзивті театр, Жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасакталды.

Биылғы «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда құны 11 млрд. 500 млн. теңге болатын, ішінде неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият» орталықтары



салынууда. Мақсатымыз әртүрлі бағытта қызмет көрсететін мекемелерді бір орталыққа біріктіру арқылы бюджет жұмысын бастайды. Қалған 2 орталық келесі жылдың наурыз айында ел игілігіне беріледі. Ең бастысы бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүріміз кенінен насихатталып, өскелең ұрпақтың өзі туып-өскен өңір тарихы, ұлттың бай қазынасы туралы танымы қалыптасады. Барша жерлестерді «Руханият орталығының» ашылуымен тағы да құттықтаймын! Жаңа нысан еліміздің рухани қазынасын толықтырып, жұртшылыққа қуаныш сыйласын. Ұлттық құндылықтарымыз ұлықталып, Тәуелсіз еліміздің абыройы арқашан асқақ болсын!» – деді Н.Нәлібаев.

Жиында аймақтың руханият с а л а с ы н д а ғ ы а у қ ы м д ы жұмыстарға тоқталған Шәкізат

Әбдікәрімов пен Бакберген Досмамбетов ақ бағасын берді. Сонымен қатар, ауданның өсіп-өркендеуі жолында еңбек еткен ардагерлер мен орталықты салған құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, облыс орталығынан балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында «Шығармашылық академиясы», халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық «Орталық стадион» салынууда. Жаңа нысандар келесі жылдың мамыр айында пайдалануға беріледі. Жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені бой көтереді, жақын арада «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады. «Самұрық қазына траст» қорымен бірге «Үстел теннисі орталығы», «ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен 350 орындық «Оқушылар сарайы» салынып, жұмысын бастап кетті.



## ЛАТВИЯ МЕМЛЕКЕТІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШТЫ

2024 жылдың сәуір айында Қызылорда медициналық жоғары колледжі Латвия мемлекетіндегі Рига медициналық колледжімен Евроодақ деңгейіндегі меморандумға қол қойған болатын. Меморандум аясында ағымдағы жылдың 2-ші желтоқсанында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Искаков Олжас Еркемұлы, көпбейінді облыстық аурухананың бас дәрігері Баймаханов Жасұлан Болатбекұлы және Қызылорда медициналық жоғары колледжінің директоры Қалмақова Жанар Амангелдіқызы Латвия елінде өткен халықаралық конференцияға қатысты.

Конференцияда колледж директоры Жанар Амангелдіқызы Словакия, Молдавия, Болгария т.б. елдердің медицина

мамандары алдында баяндама жасады. Сондай-ақ, іс-сапар барысында аймақтың бас дәрігері Олжас Еркемұлы бастаған конференцияға қатысушылар медициналық білім мен тәжірибе алмасу мақсатында Латвияның емдеу мекемелерінде болып, одан әрі Латвия Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдерімен кездесті. Кездесуде білім беру саласындағы медицина қызметкерлерінің одан әрі ынтымақтастығын талқылаумен қатар, өзге де маңызды жоспарларға келісім жасалды.

Меморандум аясында оқу жылының II-ші жартыжылдығында медицина колледжінің білім алушылары академиялық ұтқырлық мақсатында Рига медициналық колледжінде оқуларын жалғастырмақ.

## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ БАРШАҒА ОРТАҚ

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік індетпен күресу баршаға ортақ міндет. Сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуын тежейтін күрделі мәселе. Ол экономикалық өсуді баяулатып қана қоймай, әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздікті туғызады. Бұл індетті жеңу тек заңдар мен реформаларға емес, әрбір азаматтың жауапкершілігіне де байланысты. Жемқорлықтың қоғамға әсері. Экономикалық ресурстардың дұрыс бөлінуі, Мемлекеттік органдарға деген сенімнің азаюы. Әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі.

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуын тежеуші, қоғамдағы әділеттілік пен тұрақтылықты бұзатын әлеуметтік, экономикалық және саяси құбылыс. Сыбайлас жемқорлыққа адамдардың білікті немесе қызметті өз мүддесіне пайдалану, паракорлық, алаяқтық, қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану сияқты іс-әрекеттер жатады. Мұндай қылмыстар тек жеке адамға ғана емес, сонымен қатар қоғамға, экономикаға, мемлекет беделіне кері әсерін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамға, мемлекетке, экономикаға және әр азаматтың әл-ауқатына тікелей қауіп төндіретін күрделі мәселе. Оны түбегейлі жою оңай емес, бірақ оны азайтуға және қоғамда бұл құбылыспен күресудің берік жүйесін құруға болады. Әрбір азаматтың және мемлекеттің органдардың жемқорлыққа қарсы күреске қосқан үлесі осы кеселден құтылу жолында маңызды қадам болмақ. Бәріміздің міндетіміз әділ әрі ашық қоғам.

**В. ЖА.ПАСБАЙ,**  
Жосалы ауылдық округі әкімі

### «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

№ п/с	Басшының аты-жөні	лауазымы	Қабылдайтын күндері	Уақыты
	Ахметов Орман Айтмағанбетұлы	Бөлім басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күндері	Сағ. 15:00-ден 17:00-ге дейін

### С Е Н І М Т Е Л Е Ф О Н Ы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әділеттік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Өлеп Кодексінің (Қағидаларының) талаптарын жүзеге асыру мақсатында бөлімнің қызметкерлері тарапынан құқық және заң бұзушылық әрекеттері орын алған жағдайда, Жаңақорған кенті М. Көкенов көшесі №44 - мекен-жайындағы ғимаратта орналасқан аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде **22-3-24 сенім телефоны** жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

## Қатты пайдалы қазбаларды өндіруші кәсіпорындарда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуы

Соңғы жылдары, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган өнеркәсіптік қауіпсіздік сұрақтарын реттеу жұмыстарын жақсарту мақсатында, кәсіпорын иелерінен, ғылыми-техникалық ұйымдардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отыру жолында маңызды жұмыстарды жүргізіп келеді.

Мысалға, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 352 бұйрығымен «Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті

қамтамасыз ету қағидалары» бекітілді. Осы нормативтік құқықтық актіге тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілерді жобалау, салу, пайдалану, кеңейту, реконструкциялау, жаңғырту, жабу және жою барысында өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін жақсарту мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп тұрды, соңғы өзгерістер мен толықтырулар ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 26.12.2022 № 336 бұйрығымен енгізілді.

Қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету «Азаматтық қорғау туралы» (бұдан әрі - Заң) 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңымен реттеледі. «Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті

қамтамасыз ету қағидалары» Заңның 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес әзірленген және қоршаған ортаның, жеке, заңды тұлғаларды тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін кәсіпорында туындауы зиянды әсерінен қорғалу жай-күйін арттыруға бағытталған.

Қазіргі кезде, Қызылорда облысында Тау-кен өндірісін пайдалану, қатты пайдалы қазбалардың, кең таралған қатты пайдалы қазбалар кен орындарын ашық және жер асты тәсілдерімен ашу және игеру жүргізетін кәсіпорындар жұмыс жасауда.

Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының сақталуын бақылау

және қадағалау субъектісі (объектісі) болып табылатын осы кәсіпорындарға бара отырып профилактикалық бақылау жылда жүзеге асырылып отырады.

Профилактикалық бақылауды және тексеруді жүзеге асыру барысында қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарына, технологиялық құрылыс жайларына зерттеп-қарау, диагностикалау, қауіпті техникалық құрылыстарға техникалық куәландыру жүргізудің уақтылығы, қауіпті өндірістік объектілердің және қауіпті техникалық құрылыстарды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару

жұмыстарды орындауға әзірлігі, қауіпті өндірістік объектілерді уақтылы жанарту және техникалық қайта жарактандыру арқылы қамтамасыз етілуі, жалпы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау аясындағы тексеру парағында көрсетілген талаптардың сақталуы тексеріліп, бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері туралы ақт және осы бұйрықтарды жеке туралы нұсқа беріліп орындалуы қадағаланып отырады.

**Н.ТИЗМАҒАМБЕТОВ,**  
ТЖМ ОҚК Қызылорда облысы бойынша департаменті Тау-кен өнеркәсіп және атом энергиясын пайдалану объектілері мемлекеттік бақылау және қадағалау бөлімінің басшысы





## Денсаулық

### КЕСАРЬ ТІЛІГІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Кесарь тілігі дегеніміз – нәресте мен оның жолдасын кұрсақ қуысы мен жапырлы кесу арқылы шығару. Кесарь тілігі негізінен ананың денсаулығына, жүктілік және босану кезіндегі ауыртпалықтар, нәрестенің жағдайына байланысты жасалады. Бүгінде босанған әйелдердің шамамен 12-27%-ы баласын кесарь тілігі арқылы дүниеге әкеледі. Кесарь тілігі жоспарлы түрде жасалатын және шұғыл жасалатын деп екіге бөлінеді. Жоспарлы түрде жасалатын кесарь тілігі әйелдің жүкті кезінде алдын ала анықталады.

Әйел дамның өзі туа ма әлде кесарь тілігі жасала ма, оны кім анықтайды? Бұл мәселе алдын ала әйелдер консультациясында немесе әйелдің жүктілік барысын тексеріп отырған медициналық орталық анықтайды. Негізі тексеруге тек акушер-гинеколог қана емес, сонымен қатар терапевт, окулист, эндокринолог, қажет болған жағдайда, хирург, невропатолог, ортопед сияқты басқа да мамандар қатысады. Қандай да бір ауру анықталған жағдайда, бұл мамандар әйелдің қалай босана алағанын туралы шешім қабылдайды. Кесарь тілігін жасау және оның нақты жасалу уақыты туралы шешімді босанардың алдында перзентханадағы дәрігерлер шығарады. Сондықтан перзентхананы да алдын ала тандап, мазалаған қажетті мәселенің бәрін шешіп алған дұрыс.

**Жоспарлы түрде жасалатын кесарь тілігін алдында жасалатын іс-шаралар**  
Ота жасалардың алдында жақсылап ұйқы қандырып алу керек. Уайымдап тұрған әйел жатар алдында дәрігердің ұсынысымен тыныштандыратын дәрі қабылдағаны жөн.

Босанғаннан кейінгі бірінші тәулікте әйел жағдайы тәулік бойы бақылауда болатын жансақтау бөлімінде жатады. Себебі, оның жалпы жағдайы, артериялық қысымы, жүрек қағысы, тыныс алу ырғағы, жапырының көлемі мен тонусы, бөліңді көлемі, несеп қуысының қызметі, бәрі бақылауда болуы тиіс. Бір тәуліктен кейін жалпы палатаға ауыстырылған әйелге тағы 2-3 күн ауырсынуды азайтатын дәрі салады. Сонымен қатар жатырдың жиырлыуына ықпал ететін препараттар да беріледі.

Әйел адам отадан кейін 6 сағат өткен соң мейірбикенің көмегімен тұра алады. Алдымен біраз отыра тұру керек. Сосын ақырындап тұрған жөн. Тұра салып, жүре кетуге болмайды. Бір орнында біраз қозғалмай тұруға кеңес беріледі. Бірінші жолға осы жеткілікті. Ал белсенді қозғалысқа жалпы палатаға ауыстырған кезде рұқсат беріледі. Палатаға ауыстырылған әйелдің қасына баласы беріледі. Ол өзі күтім жасап, емізіп, кімін ауыстыра алады. Егер перзентханада рұқсат берсе, әйелдің қасына туыстардың біреуі немесе мейірбике көмектесе алады.

Кесарь тілігін кейінгі келесі жүктілікті (осы балаңыз бірінші болса) тек екі жылдан кейін ғана жоспарлай аласыз. Осы уақыт аралығы алдыңғы жүктіліктен кейін ағзаңызды қалпына келтіруге және отадан кейін реттелуге жеткілікті. Егер келесі жүктілігіңіз кезінде кесарь тілігін жасауға ешқандай көрсетілім болмаса, табиғи жолмен босана алатыныңызды есте сақтаңыз!

**А. ДҮЙСЕНОВА,**  
**Облыстық перинаталдық орталығы**

### АНА СҮТІНІҢ БАЛАҒА ПАЙДАСЫ

Сәбидің тіршіліктегі ең алғаш татар нәрі – шешесінің сүті. Ғалымдардың соңғы зерттеулері осы бір ана сүтінің маңызын күн сайын арттыра түсуде. Әр жаратылысқа өз ырық-несібесін келісті тағайындаған Алла Тағала сәби мұрнына сүт иісін тез сезетін қасиет дарытқан. Соның арқасында жас нәресте ерніне тиген нәресте дереу ауыз салып, еме бастайды. Тіпті, туылғанына жарты сағат өтпей жатып оның еміп кетуі таңғаларлық. Ему кезінде баланың бүкіл ағзалары жұмыс істейді. Бастағы қан айналымы жақсарып, жақ сүйектері мен ауыз, ерін бұлшық еттері тез жетіледі. Оған ең алдымен уыз берілуі де ғажап. Өйткені, уыз құрамы сәбидің әл жинауына, тез ширауына қажетті витаминдерге өте бай. Бір қызығы, бала өскен сайын ана сүті құрамындағы қоректік заттар да қоса өзгеріп отырады. Бұл – оның ғажаптығы. Қазақтың әлсіз, әлжуаз балаларды көргенде «уызға жарымаған» деп жатуының мәні осы.

**Ана сүтінің құрамы**  
Ана сүті – өмірге жаңа келген сәби үшін бірден-бір таптырмайтын қорек. Оны ешбір сүт қоспасы алмастыра алмайды. Мамандардың айтуынша, сүт қоспаларында кездеспейтін 400 түрлі қоректік зат ана сүтінде ғана кездеседі. Мысалы, сыыр сүтіне қарағанда емішек сүтінде балаға ең қажетті А, Е, Д витаминдері көп.

Ана сүтінің құрамына мыналар кіреді: белок, май, түрлі витаминдер, гормондар, темір, көмірсутектер, климатқа қарамастан үнемі жеткілікті су, минералды тұздар, кальций, фосфат, өмірге қажетті микроэлементтер (селен, мыс, мырыш, молибден, магний, марганец), сүттің негізгі ингредиенттерін ыдырататын липаза, лактаза секілді т.б. арнайы ферменттер, патогенді бактерияларды жоятын, ішектегі қалыпты микрофлораны дамытатын әрі өсіретін бифидус заттары, ауру тудыратын микрофлораларды көбейтпейтін әрі қажетті темірді сүттен бала қанына тасымалдайтын лактоферрин белогы, ми ұлпалары мен көз жасушаларының түзілуінде аса қажетті



таурин заттары; өсу үстіндегі ағзаның ұлпалары мен жасушаларындағы май метаболизмін жандандыратын карнитин заттары, бактерияларды өлтіретін қандағы тірі жасушалар (нейтрофил, моноцит, лимфоциттер), көп тараған жұқпалы ауруларға қарсы иммуноглобулиндер және т.б.

**Ана сүтінің ерекшелігі**  
Құдайдың құдіретіне қараңыз, ешқашан бірдей екі ана сүтін кездестіру мүмкін емес. Өйткені, олардың құрамы, майлылығы баласының қажеттілігіне қарай әр әйелде өзгеріп отырады. Ана сүті мынадай тиімділігімен ерекшеленеді: ол қашанда қасыңызда, ылғи да тұтынуға дайын, арнайы әзірлеуді қажет етпейді; бірнеше күн анасы емізбесе де көкіректе не ашып, не бұзылып кетпейді; оны еш жерден сатып алмайсыз; ол тек сіздің балаңызға ғана арналған; ішек жұқпалы ауруларының алдын алады; респираторлы-жұқпалы аурулардың алдын алады; аллергиялық аурулардың алдын алады; баланың физикалық өсуін дамытады; баланың

сана-сезімін жетілдіреді; баланың жүйке-психикасын дамытады; баланың диабет және семіздік ауруына шалдығу қаупін төмендетеді.

**Емізу анаға да пайдалы**  
Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2004 жылдың 1-7 Тамызында өткізген емішекпен емізудің артықшылығын насихаттайтын халықаралық апталығын «Емішекпен емізу – алтын стандарт» деп атады. Емізу жөнінен Халықаралық кеңесшілер ассоциациясы «Күн сайын балаңыздың иммунитетін арттырыңыз!»

Балаңызды өзіңіз емізіңіз!» деген кеңес беруде. Өйткені, баланы көкірегімен емізу ана денсаулығына да пайдалы. Ол сүт безінің қатерлі ісікке (рак) шалдықтау қаупін 10, жатырдың қатерлі ісікке шалдықтауын 2 есе төмендетеді.

Психологтардың айтуынша, емізу кезінде шешесінің бар жан-тәнімен сәбиді көкірегіне қысуы, аймалауы, өбектеуі, сөйлеуі, еміренуі, мейірленуі, маңдайынан ніскеуі, сылап-сылап, ерекелетуі арқылы бала мен ана арасындағы ұзақ жылдарға жалғасатын өзара сүйіспеншілік, махаббат, қимастық сезімдері қалыптасады, баланың физикалық, әлеуметтік, психологиялық, рухани жан дүниесі толысады. Ал, сүт қоспаларымен қоректендіруде бұндай жылы сезімдердің болмасы анық.

Ана сүтін емген балалар тез тіл табықшы, адамға жұғымды болып өседі. Ал, ана сүтін ембей өскен балаларда жасөспірім шақта қатігездік, қылмысқа бейімдік көп байқалған. Емізу баланы да, ананы да жайлы сезімге бөлейді. Сәбидің тәтті ұйқыға кетуі сүт құрамындағы белок арқылы жүзеге алады. Баланың борпылдаптып емуі ананың денесін жұмсартып, еміренуін арттырады, шаршағанын басады. Баламен қатар ананың жүйке жүйесіне де емізудің пайдасы зор.

**К. АБДУЛЛАЕВА,**  
**О. АТАБАЕВА,**  
**Г. БАЙСАРИЕВА**

### ИММУНОПРОФИЛАКТИКА

Бүгінгі таңда жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық егу - бұл патологияның пайда болуын болдырмаудың ең тиімді және қауіпсіз әдісі. Жұқпалы аурулардың иммунопрофилактикасы - профилактикалық егулер жүргізу арқылы жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау, шектеу және жою мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттік іс-шаралар жүйесі.

Профилактикалық егулер-жұқпалы ауруларға ерекше иммуносупрессивтілік жасау үшін адам ағзасына медициналық иммунобиологиялық препараттарды енгізу. Иммунопрофилактика-жасанды иммунитетті құру немесе күшейту арқылы халықты жұқпалы аурулардан жеке немесе жаппай қорғау әдісі. Иммунопрофилактика: спецификалық (белгілі бір қоздырғышқа қарсы бағытталған) және спецификалық емес (ағзаның иммунитетін күшейтін тұтастай белсендіру). Белсенді (вакцинаны енгізуге жауап ретінде дененің өзі қорғаныс антиденелерін шығарды) және пассивті (денеге дайын антиденелерді енгізу).

Профилактикалық егу күнтізбесі. Әр елде профилактикалық егулердің өзіндік үлгісі күнтізбесі қалыптасады: оған қарсы қорғанысты қалыптастырған жөн жұқпалы аурулардың тізімі кіреді; осы немесе басқа егу орындары болатын жас. Вакцинация

күнтізбесінде екі термин қолданылады: «вакцинация» және «күшейткіш». Ғылыми дәлелдер мен ұзақ тәжірибелік тәжірибе көзжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, полиомиелитке, В вирустық гепатитіне, гемофильді және пневмококкты инфекцияға қарсы вакциналарды бір мезгілде енгізген кезде сенімді қорғаныс қалыптасатынын және бұл вакциналарды бөлек енгізумен салыстырғанда вакцинадан кейінгі реакциялар санының артуына әкеп соқпайтынын көрсетті. Медициналық иммунобиологиялық препараттар-жұқпалы ауруларға ерекше иммунитетті қалыптастыруға арналған вакциналар, анатоксиндер, иммуноглобулиндер және өзге де Дәрілік заттар.

Вакцинацияға дайындалу. Бала вакцинациядан жақсы өтуі үшін: вакцинациядан 5 күн бұрын баланы көптеген байланыстардан қорғаңыз: оны адамдар көп жиналатын жерлерге (базарлар, супермаркеттер және т.б.) апармаңыз, онымен бірге көлікпен жүріңіз.

Вакцинация кезеңінде жұқпалы наукастармен байланыста болудан аулақ болыңыз. Вакцинация қарсаңында және одан кейін 2-3 күн ішінде жаңа қосымша тағамдарды немесе тағамның жаңа түрлерін енгізбеңіз.

Егер нәресте емізетін болса, диетанызға

жаңа тағамдарды енгізбеңіз.

Аллергиялық реакцияларды жиі тудыратын тағамдарды жеуге болмайды-шоколад, құлпынай, шитрус және т.б. вакцинациядан кейін емханадан кетуге асықпаңыз. 30 минут ішінде егу бөлмесінің жанында болыңыз. Біріншіден, бұл балаға инъекциядан кейін тыныштандыруға көмектеседі, екіншіден, вакцинацияға дереу аллергиялық реакциялар пайда болған жағдайда тез көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Көбінесе вакцинациядан кейінгі алғашқы үш күнде дене температурасының жоғарылауы мүмкін. Вакцинацияға темпуратуралық реакция-бұл иммунитеттің қалыптасуының басталуын көрсететін табиғи реакция. Алайда оны болмауы иммунитеттің қалыптаспағанын білдірмейді. Мұның бәрі дененің жеке ерекшеліктеріне байланысты. Егер балаға тірі вакцина (мысалы, қызылшаға, паротитке және қызамыққа қарсы) егілген болса, онда температураның жоғарылауы кейінірек мүмкін болады (10-12 күн), баланың дене температурасын бақылаңыз. Егер температура көтерілсе, балаңызға антипиретик беріңіз.

**К. АБДУЛЛАЕВА,**  
**О. АТАБАЕВА,**  
**Г. БАЙСАРИЕВА**

### НӘРЕСТЕЛЕРДІҢ САРҒАЮЫ

Сарғаю – анасынан өткен феталді гемоглобиннің жарылу көрінісі. Жаңа туған сәбидегі қан сарысуындағы билирубиннің нормасы – литріне 44 микромоль. Бірақ әдетте 80-нен асып кеткен жағдайда дабыл қағамыз. Әрі одан төмен кезде сарғаюды байқау да мүмкін емес. Біздің ауруханада Неонаталды сарғаю бөлімшесі бар. Нәрестелер патологиясы бөлімшесі деп аталады. Бұл бөлімшеге көбінесе сәбидер неонаталды сарғаю деген диагнозбен келіп түседі. Мұндай диагноз жиі кездеседі деп айтуға болады. Негізі ол физиологиялық жағдай. Бірақ кейбір балада әртүрлі себепке байланысты сарғаю өршіп, қалыпты клиникалық көрініспен өтуі мүмкін, ал кейбірінде ол ұзаққа созылады.

Баланың көзінің ағы немесе терісі сарғайса, бірден дәрігерге жүгінген абзал. Егер физиологиялық жағдай болса, дәрігер қорқынышты ештеңе жоқтығын айтады. Биохимиялық талдау тапсырғанда билирубин жоғары болып, алайда клиникалық көрінісі қорқынышты болмаса, үйде бақылауға жібереді. Ал кей жағдайда ата-анасы немқұрайлылық танытып, ұзаққа созылып кетсе, қан сарысуындағы көрсеткіш 450-600 микромоль/литрге дейін көбейеді. Мұндай кезде билирубин қан сарысуында қатты жоғарылап, миды ұлайды. Бұл мидың дамуына әсер етуі мүмкін.

Сарғаюдың ең қорқынышты түрі – жатыршілік цитомегаловирустық инфекция. Анасында сондай

инфекция болып, бала жатыр ішінде жатқанда жұқса, сәбидің жауырын зақымдап, сарғаю пайда болуы мүмкін. Оған әйел адамдағы вирустық инфекция себеп болады. Бауырдан әдетте барлық токсинді заттар сыртқа шығарылады. Жаңағы вирус бауырды зақымдаса, бауыр өз жұмысын атқара алмайды.

Белгілі болғандай, сарғаю синдромы байқалғанда ауруханаға жатқызудың өз өлшемдері бар. Билирубин мөлшері 208-ден жоғары болса, стационарлық емді қажет етеді. Қан тапсырғанда биохимиялық талдауда одан да көп болуы мүмкін. Бірақ физиологиялық жағдай болса, бір айға дейінгі сәбилерде амбулаториялық түрде емделеді. Сәбидің физиологиялық сарғаюы немесе неонаталды сарғаю – ол организмдегі билирубиннің жоғарылауынан болады. Билирубин жоғарылаған сайын бала сарғыш болады. Сарғыштық жаңа туған нәрестелерде өмірге келген соң 3-4-5 күні байқалады. Яғни организмдегі қанның құрамындағы ыдырайтын зат – кантұзу жүйесі. Қан жасушаларының ыдырауының ең соңғы калдығы – билирубин деп аталады. Билирубин өзі организмде үш түрлі болады. Жалпы билирубин, тура билирубин және жанама билирубин. Оның шектік деңгейі бар, соған жетер-жетпес кезде ауруханаға келуге кеңес береміз.

Өйткені физиологиялық сарғаю 3-4 күні байқалып, 14-15-ші күні кетке бастауы керек. Ол уақыттарда

кетпесе, билирубиннің көрсеткіші жоғарылай береді. Жоғарылаған сайын билирубин организмге у болып әсер етеді. У, яғни токсин болғанын кейін ол барлық жерге жайылатыны анық. Ең бірінші ол майлы тіндерді жақсы көреді. Терасты қабаттында май талшығы болады. Мидың өзі майдан тұрады. Ол сол жерге шоғырланып, жиналып, өзінің токсикалық әрекетін бастайды. Оның кейінгі салдарын біз билирубин нәресте туған соң 3-4-ші күні пайда болған соң оның себептері әртүрлі. Физиологиялық сарғаю кейін 14-ші күні кете бастаса, қанның жасушалары орнына келді деген сөз. Кейбір сарғаюдың әртүрлі себебі бар. Ол инфекцияның әсерінен болуы мүмкін. Анасы жүкті кезінде дәрі-дәрмек ішсе, вирустық аурумен ауырса, ол да әсер етеді. Сондай-ақ қан топтарының сәйкеспесуі де ықпал етеді. Кейде бала салмақ қоспа да билирубин көбейеді.

Мамандар сарғаю синдромының бірнеше түрі бар екенін алға тартты. Механикалық сарғаю деген болады. Баланың өт жолдарының туа біткен ақаулары болуы ықтимал. Ол да жауап. Әрқашан баланың 3-4-ші күні сарғаюы басталып, 7-ші күні өте сары болып кеткенде, қауіпті жағдай деп дабыл қағу керек. Үйге уәкелілік дәрігер келмесе, ата-анасы өзі бақылап, жедел жәрдеммен ауруханаға келулеріне болады. Кеңесімзді береміз. Тері арқылы ғана тексерілетін арнайы биличек деген бар. Одан бөлек,

биохимиялық қан талдауынан билирубинді бақылаймыз. Ал патологиялық сарғаю – бала бір айдан аса бастағанда, сап-сары болып кетпей қояы. Ол жақсы емес. Баланың бір айлығында емханада не үшін скрининг жүргізіледі? Баланың салмағы, бойы өлшеумен қатар, емуі мен салмақ қосуынан бөлек, сарғаюға тексереміз.

Олардың ішіндегі ең қауіптісі – дүниеге келгеннен кейінгі 7-ші күні сап-сары болып кетуі. Бүкіл дүниежүзілік клиникалық емдеу хаттамаларында фототерапиямен емдеу көрсетілген. Сосын билирубинді әр 2-3 күн сайын көтеріле, төмендей ме, бақылап, тексереміз. Төмендесе, біз де қуанамыз. Сондықтан әрқашан айтып отырамын, қазақ халқы баланы қыркынан шыққанда қатты қадағалайтыны бекер емес.

Ал ядролық сарғаю – ол билирубин энцефалопатиясы деп аталып жүр. Билирубиннің миға әсері кейін баланың жүруіне, отыруына, тұруына кері әсерін тигізеді. Қазір көп кездесетін балалардың церебралды сал ауруы соның негізі де сол болуы мүмкін. Ол қайтарымсыз ауру. Бала өмірге келген соң қалай емеді, зәрі, үлкен дәреті, терісінің сарғыштығы бәрін қарап отыру маңызды. Қай жағдайда да ең бірінші кезекте жауапкершілік ата-ананың мойнында.

**К. АБДУЛЛАЕВА,**  
**О. АТАБАЕВА,**  
**Г. БАЙСАРИЕВА**

### АРАЛ ДӘРІГЕРЛЕРІ ТҮЙЕНІҢ АСТЫНДА ҚАЛҒАН БАЛАНЫ АМАН АЛЫП ҚАЛДЫ

Арал көп бейінді орталық аудандық ауруханасының дәрігерлері түйенің астында қалған төрт жасар қызды құтқарды. Тамилла әкесімен балабақшадан қайтып келе жатқанда, желіп бара жатқан түйеге тап болады. Жануар сүрініп, оларға бар салмағымен құлайды. Салдарынан бала бас-ми жаракатын алған. Ер адам зардап шеккен жоқ. Кішкентай пациент шұғыл түрде аудандық ауруханаға жеткізілді.

«Түйе бар салмағымен қызымның үстіне құлаған. Құдай сақтап, аман қалды. Тамилла ауыр жағдайда болды. Қазір денсаулық жағдайы тұрақтанды. Дәрігерлерге дер кезінде медициналық көмек көрсеткені үшін алғыс айтамын», – дейді анасы Нағима Жұмағалиева.

Диагностикалық тексеру кезінде баланың бас сүйегінде шытынау анықталған.

«Бала ес-түссіз күйде ауруханаға жеткізілді, құлағынан қан кеткен. КТ арқылы тексеру жүргізілді. Бас сүйегінің самай бөлігінде шытынау анықталды. Мида қан ұюы белгілері жоқ. Облыстық балалар ауруханасының нейрохирургтарымен кеңестік. Консервативті ем ұсынылды, наукас бақылауда», - делі Арал аудандық көп бейінді орталық ауруханасының бөлімше меңгерушісі Тұрғанбек Ерсеитов.

Бала тиісті емін алып, үйіне шығарылды, деп хабарлады дәрігерлер. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалында атап өткендей, 18 жасқа дейінгі балалар жеңілдігі бар санатқа жатады, олар үшін МӘМС аударымдарын мемлекет жасайды. Сондықтан медициналық көмек балаларға толық көлемде қолжетімді.

2024 жылы ТМҚК және МӘМС шеңберінде Арал көп бейінді орталық аудандық ауруханасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 7,5 млрд. теңге қаражат бөлінді.





## ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ЕМДЕЛУГЕ БОЛАДЫ

Тұмау белгілері: дене қызуының көтерілуі, қалтырау, бас пен бұлшық ет, тамақтың ауыруы, жөтелу және әлсіздік. Тұмау тез өрбиді және бірнеше күннен 2 аптаға дейін созылуы мүмкін. Сырқат өкпе қабынуы және бронхит сияқты асқынуларға әкеледі. Сондай-ақ, бұрыннан бар жүрек пен өкпе ауруларын қайта қоздырады.

### Алдын алу шаралары:

- наукас адаммен байланыста болмауға тырысу;
- наукас адаммен байланыста болғанда бетперде тағу;
- инфекция таралмауы үшін қолды сабынмен жуу;
- жөтелгенде және түшкіргенде мұрын мен ауызды бір реттік орамалмен жабу;
- көп адам жиналған жерде болмауға тырысу;
- бөлменің ауасын жиі тазарту.

### Жөтелді үй жағдайында қалай емдеуге болады?

Тұмауға қарсы екепке салдыру. Тұмау мерзімі басталғанға дейінгі ең тиімді әдіс – вакцина салдыру. Ол тұмауды жұқтыруды төмендетіп, оның адамдар арасында таралмауына көмектеседі. Вакцинация қауіпсіз. Жүкті әйелдің иммунитеті әлсірейтінін ескере отырып, тұмауға қарсы егілу тиімді.

### Тұмауға шалдыққанда ауруды таратпау және емделу шаралары:

- үйде отбасының басқа мүшелерінен оқшаулану;
  - аурудың алғашқы белгілері байқалғанда-ақ дәрігер шақыру;
  - бір реттік орамал пайдалану;
  - дәрумендерге бай сұйықтықтар ішу;
  - дәрігердің нұсқауына сай ем қабылдау.
- "Вирус ауа-тамшы жолы арқылы таралатындықтан, күнделікті гигиена сақтау, үй ішін уақытты желдетіп, ауаны тазарту, сондай-ақ, салауатты өмір салтын ұстану,



пайдалы, құнарлы тамақтану қажет.

Ыстық шай ішіңіз. Тұмау тисе ыстық шай немесе кез-келген басқа да сусын ішіңіз. Ең бастысы, ол ыстық болуы керек, бірақ күйдіретіндей емес. Тұмау тигенде ыстық сусын мен оның буы жұтқыштықтың қан айналымын арттырады. Нәтижесінде бітелген мұрын ашылып, дем алу оңайырақ болады.

Тамағыңызды булаңыз (ингаляция). Ыстық бумен дем алу суықтың, соның ішінде тұмаудың әсерін күрт төмендетеді және ауру уақытын қысқартады.

Ыстық душ қабылданыз. Жылдам жеңілдегіңіз келсе, ыстық душ қабылдаған дұрыс. Мұрынға жылы компресс жасаныз. Күніне 3-4 рет, 2-3 минуттан ыстық суға малынған дымқылданған майлықты мұрынның астына қойыңыз.

Мұрынды тұз ерітіндісімен шайып шығыңыз. стаканға жылы су құйып, оған ½ шай қасық тұз бен бір шымшық ас содасын қосыңыз. Мұрынды осы ерітіндімен күніне

3-4 рет жағымсыз симптомдар жойылғанша шайыңыз.

Тамыр тарылтқыш мұрын спрейлерін немесе тамшыларын қолданыңыз. Олар ісінуді жойып және жаңа маңқаның қалыптасуын баяулатады. Нәтижесі де жылдам. Мұрын қайтадан дем алады және одан тамшы ақпайды. Бұл әсер әдетте, бірнеше сағат бойы сақталады, содан кейін рәсімді тағы қайталау қажет. Бірақ, есіңізде болсын, мұндай құралдарды 3 күннен артық пайдалануға болмайды.

Дәрігерге қаралыңыз. Тұмау – бұл тәуелсіз ауру емес, тек симптом. Жедел медициналық көмекті қажет ететін тұмау түрлері болатынын біле жүріңіз. Тұмау кезінде мұрын мен маңдай немесе бет жағыңыз бен көзіңіз ісіп тұрса міндетті түрде дәрігерге барыңыз немесе жедел жәрдем қызметін шақыртыңыз.

**А. МЫРЗАГУЛОВА,**  
Қазалы аудандық көп бейінді орталық аурухана акушері

## «QAMQOR» ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті кәсіпкерлерге арналған «Qamqor» ұялы қосымшасын іске қосып, аталған қосымша қазіргі уақытта қарқынды жұмыс жасауда. Негізгі жаңашылдығы ретінде тексеру тағайындау туралы әктіде көрсетілген QR коды оқитын функционалы болып табылады. Кәсіпкер аталған коды сканерлеп, тексерушінің тексеру мерзімімен түрі туралы және т.б. нақты ақпаратты көріп, оны қағаз үлгідегі тексеру тағайындау туралы әктісімен салыстыра алады. Сондай-ақ, кәсіпкер тағайындалған тексеру туралы хабарламаны алған соң, тексеру басталғанға дейін тексеру барысында қойылатын талаптармен таныса алады. Тексеру аяқталған соң, кәсіпкер қосымша арқылы көрсетілген бұзушылықтар туралы тексеру қортындысымен таныса алады. Ұялы қосымшада тағайындалған тексеру туралы хабарлау жәнетексерушінің іс-әрекетіне шағымдану мүмкіндігі қарастырылған.

Жалпы бұл қосымша 2017 жылдың наурызынан бастап қолданысқа енгізілген және мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Ғ.ТЛЕУЖАН**  
Азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры

## ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢАЛЫҚ



Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті әкімшілік процеске қатысушылар үшін кері байланыстың жаңа функционалын іске асырды. Осы функционалда Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімінің жәрия секторының модулі болып табылады және әкімшілік процеске қатысушылардың ыңғайлылығы мен уақытын үнемдеу үшін құрылған. Осы қосымшаның көмегімен қатысушылар әкімшілік іс бойынша өтінішті немесе шағымды тікелей оны қараған органға жібере алады және оған уақытты жауап алады. Ол үшін [qamqor.gov.kz](http://qamqor.gov.kz) ақпараттық сервисінде «Әкімшілік құқық бұзушылықтарға шағым жасау» қосымша бетін таңдау қажет.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-1-бабы тәртібінде шағымдану процеске қатысушы ғана өзінің электрондық-цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) көмегімен авторландыру арқылы бере алады. Шағымның мәнін баяндаумен қатар іс бойынша растайтын құжаттарды бекіту мүмкіндігі бар. Өтініш сақталғаннан кейін ол мемлекеттік органдың лауазымды тұлғасына Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімінің ақпараттық жүйесіне түседі. Шағымды қарау нәтижесі өтініш берушінің e-mail поштасына электрондық хатпен жолданады. Әкімшілік іс бойынша қаулыға және айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға берілетін шағымдарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 826-2, 826-3, 826-4, 826-5-баптарымен реттеледі.

Сонымен қатар бұл жүйеде авторландыру, шағымдану жөнешағымның жүйедегі мәртебесін қарау бойынша қолданушыға арналған нұсқаулық бар.

**М.Б.АСЫЛХАН,**  
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім прокуроры

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Салауатты өмір салты – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі шарты қозғалыс белсенділігін дұрыс ұйымдастыру организмнің өсу мен дамуына белсенді ықпал етеді, организмнің жұмысқа қабілеттігін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға төзімділігін арттырады. Ашқарына 10000 қадам жүрудің өзінің адам ағзасына тигізер пайдасы орасан зор. Күнделікті 30 минуттық жаттығу да солай.

Ия, әрбір адамның денсаулығы өз қолында. Ал, бала денсаулығының негізінің мықты болуы оның тамақтануына байланысты, балалық шақта қаланған денсаулықтың іргесі адамның бүкіл кейінгі өмірінің сапасына әсер етеді.

Салауатты тамақтану ұстанымдарын қадағалау организмнің ақуыздарға, майларға, көмірсуларға, дәрумендерге, басқа да көптеген қорық заттерге барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді, осы арқылы:

- өсу үстіндегі организмнің қалыптасу дамуына ықпал етеді,
- жақсы денсаулық пен ұзақ жасауды

қамтамасыз етеді,

- иммунитетті арттырады,
- ақыл-ой еңбегі қабілетін жақсартады,
- дене шыдамдылығын жақсартады,
- көптеген аурулардың дамуының алдын алады.

Күнделікті баланың рационында 5 негізгі топтың өнімдері болуы қажет:

- жармалар, нан (қоңыр ұннан болғаны дұрыс) және кейде – макарон өнімдері;
- көкөністер, жеміс-жидектер, балғын күйінде күніне кемінде 400 г тұтыну қажет;
- ет, құс еті, балық, бұршақ тұқымдастар, жұмыртқа, жанғақтар;
- сүт және ашытылған сүт өнімдері;
- майлар: өсімдік майының 1 ас қасығы (суық сығымдау арқылы алынған, өңделмеген), сары май.

Денсаулық – әр адамның жеке басының, жалпы қоғамның баға жетпес байлығы. Бізге жақын адамдармен кездесіп, қоштаса отырып, біз әрқашан оларға денсаулық тілейміз, өйткені бұл толық және бақытты өмірдің басты шарты.

**САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ:** Жаман әдеттерден бас тарту, спортпен айналысу, физикалық белсенділік дененің жалпы жағдайын және ағзадан

токсиндерді кетіретін лимфа жүйесінің жұмысын жақсартады. Күніне небәрі 30-60 минуттық жаттығу денсаулықты жақсартуға мүмкіндік береді, ал күшті жаттығулар сізді әлсіретеді. Күнделікті таңертеңгілік жаттығулар – бұл күндегі физикалық белсенділіктің міндетті минимумы. Таңертең бетті жууды әдетке айналдыру керек. Дұрыс тамақтану, дәруменге бай тағамдарды пайдалану, салқын суға шомылу, дененің қатаюы салауатты өмір салтын ұстануда көмекші бола алады. Бала кезінен бастаған дұрыс. Қатайтудың ең оңай жолы – ауа ванналары, стресс жүктемесін азайту, толық ұйқы.

**ДЕНСАУЛЫҚТЫ БУЗАТЫН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ:** психоактивті заттар (есірткілер), темекі шегу, маскүнемдік, жалқаулық, дұрыс тамақтанбау.

Дені сау болғыңыз келсе-салауатты өмір салтын ұстаныңыз. Жаман әдеттер, стресс-денсаулықтың басты жауы. Мүмкіндігінше жағымды эмоциялар алуға тырысыңыз және дұрыс тамақтану туралы қамқорлық жасаныз.

**Ә. Т. ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ,**  
Қазалы аудандық көп бейінді орталық Аурухана мейіркесі.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ТҰРҒЫН 10 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ



таспамен оралған ақ түсті ұнтақ салынған 10 бума, сондай-ақ қала аумағында есірткі жасырылған 30 орын табылды.

Күдіктінің жалға алған пәтерін тінту кезінде заттай дәлелдер тәркіленді: сұр түсті ұнтақ салынған пакет, электронды таразы, фольга, скотч және арнайы қаптамалар. Сараптама қорытындысы бойынша тәркіленген ұнтақ салмағы 261 грамм болатын а-PVP психотроптық затты екені анықталды.

Осылайша, полицейлер шамамен 300 доза есірткі, құны шамамен 6 миллион тенге болатын есірткінің заңсыз айналымға енуінің алдын алды. Тергеу аяқталғаннан кейін іс материалдары сотқа жіберілді. Ер адам 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Полицейлер Қызылордада 300 доза «синтетика» таратудың алдын алып, есірткі саудагерін ұстады. Қызылорда қаласында 34 жастағы тұрғын ірі көлемде синтетикалық есірткі сақтағаны және сатпақ болғаны үшін ұсталды. Ұстау барысында одан кара оқшаулағыш

## Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер

ҚР ТЖМӨнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті:

- 1) «Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсаттар беру»;
- 2) «Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу»;
- 3) «Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару»;
- 4) «Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан қабылдау мемлекеттік қызметтерін көрсетеді.

Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсаттар алу үшін, заңды тұлға, яғни көрсетілетін қызметті алушы «Электрондық

үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталдарына электрондық құжаттарын ұсынады. Тапсырылған құжаттың толықтығы 1 жұмыс күнінде каралып, 5 (үш) жұмыс күніндежауабын ала алады.

Егер де қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісетін болса, көрсетілетін қызметті алушылар «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы өтініштері мен жоба құжаттамаларын, уран өндірісіне қатысты болған жағдайда – сараптамаларын қосымша ұсынуы қажет. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару үшін, қызмет алушылар «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы өтінішін,

паспорттарын, с.с. құжаттарын ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Қызмет алушылар назарына! Департаменттің өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы қарастырылған. Орналасқан мекен жайы: Қызылорда қаласы, Мұрат Саламатов көшесі, №47 ғимараты, 19 кабинет.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді алу бойынша сұрақтар туындаған жағдайда70-20-17 телефоны арқылы немесedkpb\_kzyl@emer.kzэлектронды жәшігі арқылы хабарласуға болады.

**А. ДАБЫЛОВ,**  
ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор**  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы**  
**Зибаш ӘЛИ**  
**8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:**  
**Тоқмағанбетов**  
көшесі 36 а,  
1 қабат 4 кабинет  
Телефон:  
**8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №278**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)**